



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы**

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,  
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің  
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical  
conference of students  
MATERIALS**

**Астана, 2023**

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV  
FACULTY OF PHILOLOGY  
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»  
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical conference of students  
MATERIALS**

**Астана қаласы, 2023**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**  
**С37**

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті  
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

**Редакция алқасын басқарған:** Бейсенбай А.Б.  
**Редакция алқасы:** Маликов Қ.Т.  
Саркенова Қ.Қ.  
Өмірбекова Ж.Қ.

**С37**

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

**ISBN 978-601-337-820-6**

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

**ISBN 978-601-337-820-6**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**

## ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

**Балтабай Ж.**

*zbaltabai@mail.ru*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,  
В016-1717-19-01 «Қазақ тілі мен әдебиеті» тобының 4-курс студенті,  
Астана, Қазақстан*

*Ғылыми жетекшісі – Кенжалин Қ.К.*

***Аңдатпа.** Халқымыздың жасырлар бойы қалыптасып, желісі үзілмей жалғасып отырған салт-дәстүрлері аз емес. Бұл әдет-ғұрыптар жастарды ұлттық құндылықтарға тәрбиелейді, өмірлік жауапкершілікке баулиды. Сондықтан халықтық дәстүрлерді, соның ішінде туыстық атауларды терең зерделеудің және оның түп-тамырына үңіліп, мағынасына мән беру өте маңызды. Мақалада осындай өзекті мәселе көтерілген.*

***Abstract.** There are many traditions of our culture, which have been formed over the centuries and continue without interruption. These customs upbringing young people in national values, instill life responsibility. Therefore, it is relevant to deeply study folk traditions, including related names, and delve into its roots and pay attention to the meaning. The article raises such an urgent issue.*

***Аннотация.** Не мало традиций и обычаев нашего народа, которые складывались веками и продолжались без обрыва линии. Эти обычаи воспитывают молодежь национальным ценностям, прививают им жизненную ответственность. Поэтому очень важно глубоко изучать народные традиции, в том числе родственные имена, и углубляться в их корни и придавать значение их значению. В статье поднимался такой актуальный вопрос.*

Көптеген туыстық атаулардың мәдени-тарихи қосымша мағыналары қазіргі өскелең ұрпаққа, әсіресе Қазақстанды мекендейтін өзге этностың өкілдеріне беймәлім. Туыстық атаулар халықтың мәдени өмірінен де хабар береді. Оның қалыптасуы мен дамуы белгілі бір этностың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен, әдет-ғұрып, салт-санасымен байланысты.

Туыстық атаулардың түп-тамыры тереңде екенін аңғару қиын емес, өйткені бұл атаулар ежелгі Орхон-Енисей ескерткіштерінде де кездеседі. Көне түркі ескерткіштер тіліндегі жеке сөздердің көпшілігінің мағыналық және тұлғалық бітімі жағынан қазіргі бірқатар түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі сөздермен бірдей түсетіндігі байқалады. Мысалы, адамдарға және туыстық қатынастарға байланысты сөздер: *ата, қатун, қыз, іні, сіңлі, келін, йегін* (жиен), *оғул* (ұл).

*Ата* – ата. *Қағаным атам ағам өлті* – Қағаным атам қайтыс болды.

*Апа* – ұлы туыс. *Апамыз* – біздің туысымыз.

*Ақа* – аға. *Ақаңым* – ағамыз.

*Ечі* – әже. *Ечүміз* – әжеміз.

*Йегін* – жиен. *Екі шад улайу іні-йігүнім, оғланым, беглерім, будуным көзі, қашы йаблақ болтачы тіп сақынтым* – Екі уәзір ілескен іні-жиенім, ұлдарым, бектерім, халқымның көзі, қасы жаман болар деп қайғырдым.

*Йотаз* – әйел. *Йотазын анта алтым* – Әйелін сонда алдым.

*Оғул* – ұл. *Іні* – іні. *Ел етміс Йабғу оғлы Есбара тамған Чор Йоға інісі білге Есбара тамған тарқан йумғылығ бес йетміс ечим атым...* – Ел еткен Йабғы ұлы Есбара тамған Чор Йоға інісі білгіш Есбара тамған тарқан, барлығы менің алпыс бес ата-бабам...

*Қатун* – қатын (құрметті кісілердің әйелі). *Он йашта Умай тег егім қатун құтыңа, інім Күлтегін ер ат болты* – Он жаста шешем Құдайдай қатынның бағына інім Күлтегін ер атанды.

*Қунчуй* – бикеш (бектердің әйелі). *Сіңлім қунчуйлығ біртіміз* – Қарындасым бикешті бердік.

*Өг* – өгей, *егім* – өгей шешем. *Өгім қатунығ көтүрміш теңрі, іл бірігме теңрі, түрк будунығ аты-күсі йоқ болмазун тійін, қаған олуртды ерінч* – Шешем қатынды көтерген тәңірі түркі халқының атақ-даңқы жоқ болмасын деп, мені қаған отырғызған-ды [4].

Туыстық негіз бен атаулар үш жұрттан басталып, жақындық қатынас «ағайын», «туыс», «нағашылы-жиенді», «жамағайын», «жекжат», «жұрағат», «құдандалық» деп аталады. Мұны бір сөзбен «туыстық атау» дейміз. Қазақтар жүзге, тайпаларға, руларға бөлінгенімен бірін-бірі бөтен санамаған. «Сұраса келе қарын бөле шығамыз» деп аты-жөні, туыстық қатынасын да сұрастырып, біліп отыру дәстүрге айналған.

Қазақ арасында толып жатқан туыстық және жақындық жүйесіне байланысты қалыптасқан өте көп атаулар бар. Қазақтың туыстық жүйесі классификациялық жүйеге жатады. Мұны біз көптеген этнографиялық әдебиеттерден және ел арасынан жиналған деректерден анық көреміз. Бұл жүйенің классификациялық деп аталу себебі, бір атаудың құдандалық және туыстық-жақындық жүйесінің бірнеше тобына ортақ болатындығынан. Мәселен, «аға» деген атаумен айтушының бірге туған ағасы, немере, шөбере, аталас жасы үлкен еркектер, әкесінің інілері аталса, «жиен» деген атаумен айтушының қызынан, бірге туған апа-қарындасынан немесе немере, шөбере және аталас апа-қарындастарынан туған бөлелер аталады. Күйеуге әйелінің әкесі де, әйеліне күйеуінің әкесі де «қайын ата» делінеді. Осы сияқты көптеген туыстық құдандалық жақындық категорияларына ортақ атаулар көп-ақ.

Қазақтағы туыстық және құдандалық жақындық жүйесінің атаулары айтушыға аталушының жасының үлкен-кішілігіне, жынысына қарай жіктеледі. Мұнымен бірге атаулар әке және шеше тарапынан туыстық, құдандалық жақындыққа байланысты жіктеледі.

Қазақстанның байтақ жеріне кең жайылған үш жүзге кіретін барлық тайпалардың тілінде бірнеше диалектілік ерекшеліктер байқалғанмен, туыстық және құдандалық жақындық жүйесіндегі атауларда жергілікті ерекшеліктер мүлдем жоқ деуге де болады. Олай болса, қазақтың туыстық және құдандалық жақындық жүйесіне байланысты қалыптасқан атаулар бүкіл қазақ жұртшылығына ортақ деуге болады.

Қазақ халқында туыстық есеп еркектер тарапынан жүргізілгендіктен айтушы еркек болған жағдайда оның бабасынан бастап неменесіне дейін жеті атаға, яғни жеті ұрпаққа толады. Ал, жетінші ұрпақты қазақтың «немене» не «шөпшек» атандыруы тегін емес. Оның өзіндік мәні бар. Айталық «немене» деген атаудың өзі не екені белгісіз деп сұрақ қойып тұрған тәрізді, ал «шөпшекке» келсек, бұл атаудың мәні тіпті анық. Қазақ халқы шөпшек деп ағаштың қурап сынып түскен жіңішке бұтақтары айтады [1, 187].

Туыстыққа байланысты қалыптасқан атаулар: өз елі бойынша — баба, ана, ата, әке, шеше, аға, іні, апа, қарындас, ұл, қыз, немере, шөбере, немене (шөпшек), немере апа, немере аға, немере қарындас, немере іні, шөбере аға, шөбере іні, шөбере апа, шөбере қарындас; нағашы жұртының ұрпағы бойынша – нағашы ата, нағашы әже, нағашы аға, нағашы апа, нағашы іні, нағашы қарындас, жиен, жиеншар, туажат; неке құруға байланысты атаулар — күйеу (ер, бай, жұбай), әйел (қатын, бәйбіше, тоқал, зайып (жұбай), жезде, балдыз, қайын іні, қайын аға, қайын бике, қайын ене, қайын ата, қайын сіңлі, қайны, жеңге, нағашы жеңге, нағашы келін, жиен келін, жиен күйеу, абысын, бажа, бөле; құдалыққа байланысты жақындық атаулары – құда, бауыздау құда, жанама құда, құдағи, құдаша, құда бала т.б. [2, 25].

Бұл атауларды кез келген адам сол күйінде қолдана бермейді. Әркімнің жыныс, жас және туыстық, жақындық қатынасына қарай үлкеннің атын атамау (ат тергеу) әдетіне байланысты өзгеріп отырады, әркім өз бетімен ат қояды.

Қазақ дәстүрінде ат тергеу ғұрпы әсіресе келіндерден қатты талап етілетін. Бұл туралы әдебиетте бірінші рет Н. Ильминский «Күйеуінің туыстарының атын келін еш уақытта атамайтын. Оның – аға-інілеріне, апа-қарындастарына арнайы ат қоятын» деп көрсеткен [1, 195].

Келін тарапынан ат тергеу күйеу туыстарының жасына, жынысына, туыстық қатынасының алыс-жақындығына байланысты. Бұл арада келіннің тапқырлығы, байқағыштығы да оған көп көмек беретін. Өйткені әр кімнің әр түрлі сырттай, іштей ерекшеліктеріне, мінез-құлқына қарай ұнамды аттар қоя білу кез келген кісінің қолынан да келе бермейтін.

Жаңа түскен жас келіндер түскен үйдің баласы больш кетеді. Сондықтан күйеуінің үлкен әкесін «әке» не «ата» десе, әжесін «әже» дейді. Ал күйеуінің әкесін оның аға-інілерін «үлкен ата», «ата», «кіші ата», дейді. Күйеуінің ағаларына «үлкен аға», «жақсы аға», «ағакем», «көке» деген аттар қойса, інілеріне «сал жігіт», «молда жігіт», «мырза жігіт», «ортаншым», «тетелес», «інішегім», «кенже» т.б. қайын сіңлілеріне «шірәйлім», «жігіт жан», «еркежан», «еркем», «еркекшем», «молдақыз», «кекілдім» т.б., ал бұрын ұзатылған қыздарды «ала» деп, не олардың күйеулерінің аттарымен бәлендегі қыз, түгендегі қыз дей салады.

Мұнымен бірге жас келіндер күйеуінің бірге туған, немере, шөбере туыстарының өздеріне де жоғарыдағыдай ат қоюмен қатар олардың әйелдеріне, яғни абысындарына «үлкен апа», «апа», «кіші апа», «жақсы апа», «жеңеше», «бәлен апам», «туген жеңешем» сияқты атай береді, келіннің түсуінен бұрын туған күйеу ағаларының балаларына ат қояды. Ал, өзі келін боп түскеннен кейін туған күйеуінің туыстарының қандай ұрпағының болсын балаларының атын атай береді. Сол сияқты жеңгелерінің келін боп түсуінен бұрын туғандары жеңгелеріне де «жеңеше», «тәте» сияқты аттар қояды [3, 154].

Қазақ әйелдері күйеулерінің де атын атамай оларды «отағасы», «біздің үйдің кісісі», «әлгі» немесе үлкен балаларының атымен бәленнің, түгеннің ағасы дейтін. Күйеуінің құрдастарының атын да атамай, оларды «құрдас» атандыратын.

Туыстық жүйе атауларымен бірге қазақта құдандалыққа негізделген жақындық атаулары да молшылық. Бірақ бұларға байланысты атау 3-4 ұрпақтан аспайды да, құдалар арасындағы қарым-қатынас осы шеңбердің көлемінде ғана болып тұрады.

Қазақта басқа жақындығы жоқ адамдарға қатысты атаулар да көп. Жалпы адам баласы халық жасына қарай: «бала» («сәби», «жеткіншек», «жасөспірім» т.б.), кәмелетке толған қызды «бойжеткен», жас жігітті «бозбала», «ержеткен», «жігіт», «келіншек», «жігіт», жасы жер ортаға келгендерді: «орта жастағы», «еркек», «әйел», үлкен адамдарды «қарт», «қария», «кейуана», «шал», «кемпір» деп атайды.

Бірақ қазақ халқы біреулерге жолыққанда «ей, еркек», «ей, әйел» немесе «ей, шал», «ей, кемпір» деп айтпайды. Ал, жас адамдарға «бойжеткен», «жас жігіт» деп жолығуға болады. Сол сияқты ғұрпымызда үлкен кісілерді «ақсақал», орта жастағы кісілерді «ел ағасы», әйелдерді «ақжаулық» деп те сыйлап айтады. Жақындығы жоқ жүзі таныс адамдарды «таныс» деп, бұрын көрмеген кісіні «бейтаныс» дейді. Ал ешқандай туыстық қатысы жоқ бөгде адамдарды халқымыз «қаймана қазақ» дейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы: қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек. – Алматы, 1996. – 285 б.

2. Кенжеахметұлы С. Туыстық атаулар сыры. Алматы: «Ана тілі», 2003. – 43 б.
3. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973. – 195 бет
4. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 46 б.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
6. Құрышжанов Ә., Томанов М. Орхон-Енисей ескерткішінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. – Алматы, 1964. – 45–57 б.
7. Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А. Көне түркі тілі. – Қарағанды: «Санат-Полиграфия» ЖШС, 2009. – 135 б.
8. Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. – 466 с.
9. Тұрсынова М.А. Түркі тілдерінің дыбыс жүйесі. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. – 6-б.
10. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ МОНҒОЛ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ ТҮБІРЛЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОБЫ

**Бекболат Н.**

*nurdanabekbolat2@gmail.com*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,*

*В037-2305-19-01 тобының 4-курс студенті*

*Астана, Қазақстан*

*Ғылыми жетекшісі – Шоқабаева С.С.*

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ және моңғол тілдеріне ортақ түбірлердің лексика-семантикалық тобы қарастырылады. Салғастыра зерттеу нәтижесінде салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің өкілдері – түркітанушы, алтайтанушы Ш.Ш. Сарыбаев, Л.И. Сем, Ә. Қайдаров, М.Оразов, Б. Базылхан т.б. ғалымдардың ғылыми концепциясын және әдіснамалық, теориялық тұжырымдарын негізге ала отырып қазақ, моңғол тілдеріне ортақ түбірлердің лексика-семантикалық тобындағы атаулардың фонетикалық жүйесі, мағынасы мен айтылуы бойынша сәйкестігі талданады.

**Аннотация.** В статье рассматривается лексико-семантическая группа корней, общих для казахского и монгольского языков. В результате сопоставительного исследования, основанного на научных концепциях и методологических, теоретических заключениях алтаеведов, тюркологов – представителей сравнительно-сопоставительной лингвистики Ш.Ш.Сарыбаева, Л.И.Сем, Ә.Қайдарова, М.Оразова, Б. Базылхан и других учёных, анализируется совпадение в фонетической системе, семантике и произношении наименований в лексико-семантических группах корней, общих для казахского и монгольского языков.

**Annotation.** Lexical and semantic root groups common for Kazakh and Mongolian languages are considered in the given article. As a result of a comparative study based on scientific concepts and methodological, theoretical conclusions of Altaic scholars, Turkologists – representatives of comparative linguistics Sh.Sh.Sarybaev, L.I.Sem, A.Kaidarov, M.Orazov, B.Bazykhan and other scientists the coincidence in the phonetic system, semantics and pronunciation of names in the lexical-semantic groups of roots common to the Kazakh and Mongolian languages is analyzed.

Лексика – тілдің өзгеріске ең бейім саласы. Сондықтан да тіл мен тіл арасындағы лексикалық ауыс-түйістер басқа элементтерге қарағанда көбірек кездеседі, осы қасиетіне байланысты қандық туыстықты анықтауда лексикалық сәйкестік қажетті бір көрсеткіш болса да, шешуші түйіні болып саналмайды. Егер кез келген тілдің сөздік құрамына көз салып қарайтын болсақ, олардың барлық саласы бірдей өзгеріске түсіп, ауыса бермейді екен. Олардың ішінде тұрақтылары да, өзгергіштері де кездеседі. Осындай біршама тұрақты